

**«QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС
«QIWI Әмиян» жүйесін пайдалану туралы
ЖАРИЯ ОФЕРТА**

«QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС «QIWI Әмиян» жүйесін пайдалану туралы осы Жария офертада (бұдан әрі - «Оферта») «QIWI Әмиян» жүйесінде Қызметтерді көрсету туралы шартты (бұдан әрі мәтінде - «Қызметтерді көрсету туралы шарт» және/немесе «Шарт») жасасу талаптары келтірілген. Осы Офертада көрсетілген іс-қимылдарды жасау жеке тұлғаның осы Офертада белгіленген талаптармен, тәртіппен және көлемде Қызметтерді көрсету туралы шартын жасасуға келісімінің растамасы болып табылады.

Офертаның төменде келтірілген мәтіні «Пайдаланушы» критерийлеріне сай келетін жеке тұлғаларға жіберілген, «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС-ң Қызметтерді көрсету туралы шартты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 б. 5 т. сәйкес жасасу туралы ресми жария ұсынысы болып табылады. Қызметтерді көрсету туралы шарт жеке тұлғаның осы Офертада көзделген және жеке тұлғаның осы Офертаның барлық талаптарын ешқандай тармақтарын алып тастамай немесе шектемей қосылу талаптарымен толық және бұлтарыссыз қабылдауын білдіретін Оферта акцепті бойынша іс-қимылдарды жасаған сәттен бастап жасалған болып саналады және сол сәттен бастап күшіне енеді.

Осы Офертаны қолданысқа енгізген күннен бастап «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС төлем ұйымы Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді, «QIWI Әмиян» жүйесінде Электрондық ақшаны пайдаланып жасалатын төлемдері қабылдау және өңдеу бойынша төлем қызметтерін көрсетеді, соның ішінде «QIWI Әмиян» жүйесінің шегінде Эмитенттің Электрондық ақшасын пайдаланып жасалатын операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптасатын ақпаратты, соның ішінде Пайдаланушының Есеп жазбасын осы Офертаны QIWI Әмиян Төлем Сервисінде қолданысқа енгізген күнге дейін тіркеген Пайдаланушылар үшін КИВИ Банк (АҚ) (Ресей Банкі лицензиясының №2241, ОГРН 1027739328440) ұсынатын QIWI Әмиян Төлем Сервисін пайдалану туралы Жария офертаның талаптарына сәйкес жинайды, өңдейді және жібереді. КИВИ Банк (АҚ) ұсынатын QIWI Әмиян Төлем Сервисіндегі Есеп жазбасының деректемелері Пайдаланушының «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС ұсынатын «QIWI Әмиян» Жүйесіндегі Пайдаланушының Есеп жазбасының деректемелерімен бірдей.

ОФЕРТАНЫҢ МАЗМҰНЫМЕН ТОЛЫҚТАЙ НЕМЕСЕ ОНЫҢ БІР БӨЛІГІМЕН КЕЛІСПЕГЕН ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОСЫ ОФЕРТАНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ БІРІН ТҮСІНБЕГЕН ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ «QIWI ӘМИЯН» ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАМАУ КЕРЕК ЕКЕНІН ЕСКЕРТЕМІЗ.

Актуальная версия Оферты размещена на WEB-сайте Системы Офертаның өзекті нұсқасы www.qiwi.kz электрондық поштасы бойынша «QIWI Әмиян» жүйесінің WEB-сайтында орналастырылған.

I. Терминдер және анықтамалар:

Абоненттік нөмір – Пайдаланушыны ұялы байланыс операторының желісіне қосу кезінде ұялы байланыс операторының Пайдаланушыға тағайындаған, ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасқан Пайдаланушыны бір мағыналы анықтайтын телефон нөмірі. Пайдаланушының ұялы байланыс операторымен жасасқан Ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарты оны жасасқан тараптар көрсетіле отырып қағаз тасымалдағышта рәсімделуге және Пайдаланушының Абоненттің нөмірді пайдаланып дауыстық шақыруларды қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыру, сондай-ақ SMS-хабарламалар мен USSD-хабарламаларды қабылдау және жіберу мүмкіндігін көздеуге тиіс. Осы Оферта мақсаттары үшін «Абоненттік нөмір» және «Ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт» терминдерінің мағыналары бірдей болып табылады.

Өзіне өзі қызмет көрсету автоматы (ӨҚА) – Пайдаланушылардан Төлемдерді өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде қабылдауды қамтамасыз ететін Терминал түрі.

Авторландыру – Пайдаланушы енгізген Аутентификациялық деректерді талдау және салыстырып тексеру үдерісі, оның нәтижелері бойынша Пайдаланушыда Жүйе қызметтеріне қол жеткізуге рұқсат алу құқығының болуы анықталады. Авторландырудың Оператордың бағдарламалық-аппараттық құралдарын пайдаланып Оператор жүргізеді.

Эмитенттің Агенті (Агент) – Эмитенттен немесе Электрондық ақшаны Пайдаланушы-иелерден Электрондық ақшаны Жүйе шегінде Эмитенттің атынан Пайдаланушыларға оны өткізу үшін сатып алу бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. «QIWI Әмиян» жүйесінің шегінде Эмитенттің Агенті функцияларын «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС атқарады.

Төлем агенті – Эмитенттің Агентімен/Эмитентпен жасасқан келісімнің негізінде Пайдаланушының Жүйедегі Есеп жазбасы Балансын толықтыру мақсатында төлем қызметтерін жүзеге асыратын заңды тұлға және/немесе жеке кәсіпкер.

Төлем алушының аккаунты – Пайдаланушының Төлемнің қажетті деректемелері ретінде, соның ішінде төмендегі деректемелердің бірін көрсететін Төлем алушы туралы бірегей ақпарат:

- Төлем алушының атауы;
- Төлемді Алушы мен Пайдаланушының арасында жасалған шарттың нөмірі;
- Төлем алушының банк шотының нөмірі;
- Есеп жазбасының бірегей сәйкестендіргіші/аккаунты/нөмірі немесе Жүйедегі тең мағыналы термин;
- Байланыс операторындағы абоненттік нөмірге сәйкес келетін дербес шот нөмірі.

Аутентификациялық деректер – Пайдаланушының (login), құпиясөзі (password) және/немесе PIN-коды және/немесе Жүйеге АТС Интернет Жүйесінен және/немесе Терминал арқылы және/немесе мобильдік қосымша арқылы қол жеткізу үшін қолданылатын Пайдаланушының байланыстырылуының және есеп айырысуларды жүзеге асыру туралы талаптарды Эмитентке қою мақсатымен Пайдаланушыға қолжетімді ақша қаражаттары сомасының шегінде операциялардың жасалуының растамалары.

Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансы – Эмитенттің Пайдаланушы алдындағы міндеттемелерінің сомасы. Бұл терминнің «шот», «әмиян» терминдерімен мағынасы ортақ болып табылады және Пайдаланушымен Жүйенің Пайдаланушы интерфейстерінде, оған қоса Жүйенің WEB-сайтында және Терминалдар интерфейстерінде қатынасу мақсатында қолданылады.

Қолжетімділікті бұғаттау, Есеп жазбасына Қолжетімділікті бұғаттау, Жүйені Пайдалануға Қолжетімділікті бұғаттау – Пайдаланушыға Жүйені Пайдалану бойынша қызметтерді пайдалануға мүмкіндік бермейтін Жүйені техникалық теңшеу. Бұғаттауды Жүйе Операторы, соның ішінде Пайдаланушының талабы бойынша, осы Офертада көрсетілген жағдайларда және талаптармен жүзеге асырады.

Ақпараттық пакет – Жүйе операторы көрсететін, Пайдаланушыға ақпараттық-анықтамалық материалдарды, соның ішінде Пайдаланушының ұсынған және алған шоттарындағы, Пайдаланушы жүзеге асырған Төлемдердегі және т.б. Төлемдерді жүзеге асыру мақсатында Пайдаланушыға қолжетімді ақша қаражаттарының мөлшері туралы ақпаратты беруге бағытталған қызмет.

Жүйені пайдалану – Пайдаланушының өз Пайдаланушының Есеп жазбасын басқаруға, Төлемдерді жасау мақсатымен Электрондық ақшаға қолжетімділікті жүзеге асыруға (бұдан әрі – «Жүйені Төлемдерді жасау мақсатында пайдалану»), жасалған Төлемдер туралы шоғырландырылған ақпаратты алуға бағытталған кез-келген іс-қимылдарды, сондай-ақ Жүйе Операторының Жүйені Пайдалану құқығын ұсыну шегінде көрсететін өзге қызметтерді жасауы.

Түбіртек – Оператордың электрондық хабарлама нысанында қалыптастырған және Жүйе интерфейсінде Пайдаланушыға танысу үшін қолжетімді, Электрондық ақша шығару/өткізу, иелену және өтеу кезінде берілетін құжаты. Төлем Жүйеде жүзеге асырылған жағдайда беріліп жатқан Түбіртек сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті деректемелері бар сауда чегі ретінде де қолданылады.

КИВИ робот – Төлеуші Төлемді «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланып жасаған кезде Пайдаланушыға автоматты режимде (жеке тұлғалардың қатысуынсыз) Растау кодын беру сервисі.

Растау коды – Пайдаланушыға Жүйе Операторы SMS-хабарлама немесе КИВИ робот арқылы Пайдаланушы «QIWI Әмиян» жүйесінде тіркелген кезде Төлемді Растау мақсатында көрсеткен Пайдаланушының Абоненттік нөміріне беретін цифрлардың бірегей жүйелілігі. Растау кодын Жүйе Операторы Пайдаланушыға әр Төлем үшін осы Офертада көзделген тәртіппен береді.

Нөлдік Баланс – Эмитентке Төлемді алушының пайдасына есеп айырысуларды жүзеге асыру туралы талаптарды қою мақсатында Пайдаланушыға қолжетімді ақша қаражаттарының көлемі ҚР 0,00 теңгесіне тең болатын жағдайы.

Жүйе Операторы (Оператор) – «QIWI Әмиян» жүйесінің жұмыс істеуін, соның ішінде Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеуді, сондай-ақ Жүйе шегінде Электрондық ақшаны пайдаланып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптасатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС төлем ұйымы, тіркеу нөмірі №02-17-004. Жүйеге технологиялық және ақпараттық қызмет көрсету мақсатында Оператор үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

Теріс Баланс – Төлем Алушының пайдасына есеп айырысуларды жүзеге асыру туралы талаптарды Эмитентке қою мақсатында Пайдаланушыға қолжетімді ақша қаражаттарының көлемі теріс мәнге ие болатын жағдай. Теріс Баланс Пайдаланушының сомасы Төлемді жасаған кезде Пайдаланушының Есеп жазбасында болған Электрондық ақша қалдығынан асып кеткен Төлемді Пайдаланушының жасауының нәтижесінде түзілуі мүмкін.

Төлем –Жүйедегі Төлем алушының алдындағы Пайдаланушының қаржылық міндеттемелерін (сатып алынған Тауарлар үшін Пайдаланушының ССК алдындағы міндеттемелерін орындау немесе басқа Пайдаланушыға Электрондық ақша аудару) өтеу мақсатында Электрондық ақшаны пайдаланып есеп айырысу үшін Пайдаланушының Эмитенттің мекенжайына ақпарат беру бойынша операция.

Эмитенттің немесе «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС-ң Пайдаланушы алдындағы міндеттемелерінің (Пайдаланушының Есеп жазбасындағы Электрондық ақшаның қолжетімді қалдығын өзгерусіз) мәнінің өзгеруіне алып келетін кез келген операциялар Төлем болып танылмайды және осындай операцияны жасаған кезде Жүйе Операторының Пайдаланушыға белгілеген Пайдаланушының ағымдағы Мәртебесінің өзгеруіне әсер ете алмайды.

Төлемді Растау – Пайдаланушының Есеп жазбасы Балансындағы Электрондық ақшаға билік ету құқығын растауға, сондай-ақ Төлемді жүзеге асыру кезінде Пайдаланушы өкімінің түпнұсқалығын, өзгермейтінін және тұтастығын анықтауға бағытталған процедура.

Пайдаланушы – Төлемді жасау үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті әрекетке қабілеттілігі және/немесе құқыққа қабілеттілігі бар, осы Оферта талаптарын акцепттеу арқылы Қызметтерді көрсету туралы шартты жасасуға бағытталған, және Пайдаланушының Есеп жазбасын басқару мақсатында пайдалану үшін Жүйеге қол жеткізуге, Төлемдерді жасау мақсатында Пайдаланушының Есеп Жазбасының Балансындағы Электрондық ақшаға қол жеткізуді жүзеге асыруға қажетті Аутентификациялық деректері бар жеке тұлға. Жеке тұлғалар «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланған және ұсақ-түйек тұрмыстық заттарды және өз кірісінің (шәкіртақы, жалақы және т.б.) есебінен алынған заттарды толық әрекетке қабілеттілігі басталғанға дейін төлеу кезінде Төлем жасаған жағдайда 14 (он төрт) жасқа жеткен кезде Пайдаланушылар бола алады¹¹. Осы Офертада жеке кәсіпкерлерге / заңды тұлғаларға Пайдаланушылар – жеке тұлғалар ретінде Жүйені беру қарастырылмаған. Жүйе қызметтерін жеке кәсіпкерлерге/заңды тұлғаларға Жүйе Қатысушылары ретінде ұсынуды Оператор www.qiwi.kz электрондық мекенжайы бойынша «QIWI Әмиян» жүйесінің WEB-сайтында орналастырылған Жүйе Ережелерінің тәртібімен және талаптарымен, сондай-ақ Оператормен жеке жасасатын шарттарының талаптарымен жүзеге асырады.

Төлем алушы – Пайдаланушының Электрондық ақшаны пайдаланып пайдасына есеп айырысатын ССК, Пайдаланушылар, Жүйе Операторы.

Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансын толықтыру – Пайдаланушының Есеп жазбасы Балансының қалдығын осы Офертада көзделген тәсілдердің бірімен көбейту мақсатында Пайдаланушының (өзге уәкілетті тұлғасының) ақша қаражаттарын салуы.

ССК (сауда және сервис кәсіпорны) – заңды тұлға, оған қоса қайырымдылық ұйымдары, немесе Жүйе Қатысушысы болып табылатын, коммерциялық қызметті жүзеге асыратын, және Пайдаланушылардан Электрондық ақшаны азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем ретінде Жүйе Ережелерінде көзделген тәртіппен және Оператормен жасалған шарттың негізінде қабылдайтын жеке кәсіпкер (қайырымдылық ұйымы басқа коммерциялық емес ұйымдар сияқты коммерциялық қызметпен оның жарғылық мақсаттарына сай келетін көлемінде айналысады) заңды тұлға.

¹ Пайдаланушылар болып сондай-ак Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеуді QIWI Әмиян Төлем сервисінде КИВИ Банктің (АҚ) (ОГРН 1027739328440) осы Офертаның қолданысқа енгізгенге дейін ұсынатын QIWI Әмиян Төлем сервисін пайдалану туралы Жария офертаның талаптарына сәйкес жүзеге асырған жеке тұлғалар да танылады.

- «QIWI Әмиян» жүйесі (Төлем сервисі, Сервис, Киви Әмиян, Жүйе) – Оператордың Электрондық ақша Эмитентімен және (немесе) иеленушілерімен өзара әрекеттесуі арқылы Электрондық ақшаны пайдаланып Төлемдерді және басқа да операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар, құжаттама және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жиынтығы, соның ішінде: (i) Төлемдерді жасау мақсатында Пайдаланушының Есеп жазбасына қолжетімділікті жүзеге асыру; (ii) жасалған Төлемдер туралы шоғырландырылған ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және Пайдаланушыға беру; (iii) Төлемді алушыларға (Пайдаланушының тапсырмасы бойынша) Пайдаланушы жасаған Төлемдер туралы ақпарат беру бойынша қызметтерді, сондай-ақ жоғарыда аталған және қызметтерді дұрыс көрсету үшін қажетті басқа да ақпараттық-технологиялық қызметтерді ұсыну.

Жүйе Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеуді, сондай-ақ оны басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жүйенің жұмысын ұйымдастыруды және Тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін есепке алу бойынша қызметтерді көрсетуді Жүйе Операторы жүзеге асырады. Жүйенің Пайдаланушы интерфейстерінде, оған қоса WEB- сайттарда және Терминалдар интерфейстерінде қатынасу мақсатында сондай-ақ Жүйені белгілеу үшін «QIWI Әмиян» электрондық әмияны», «QIWI Әмиян» әмияны», «QIWI әмияны» тең мағыналы терминдері қолданылады.

Пайдаланушы мәртебесі² – Пайдаланушының Жүйедегі жай-күйін анықтайтын, Пайдаланушының Жүйені пайдаланып Төлемдерді жасау фактісіне қарай Оператордың автоматты түрде белгілейтін параметрі.

Белсенді Пайдаланушы мәртебесі – Жүйе Операторының Жүйені ретті 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күннің ішінде Жүйені пайдалану кезінде жасалатын өзге іс-қимылдарды орындау, соның ішінде өз Пайдаланушының Есеп жазбасын басқаруға бағытталған іс-қимылдарды орындау, жасалған Төлемдер туралы шоғырландырылған ақпарат алу, Жүйе Операторының мекенжайына басқа да ақпараттық сұратымдармен жүгіну мақсатында пайдаланған Пайдаланушыға белгілейтін Пайдаланушы мәртебесі.

Белсенді емес Пайдаланушы мәртебесі – Жүйе Операторының Жүйені ретті 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күннің ішінде пайдаланбаған және/немесе Пайдаланушының Есеп жазбасы Бұғатталған жағдайда Жүйе Операторының талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынбаған Пайдаланушыға белгілейтін Пайдаланушы мәртебесі. Белсенді емес Пайдаланушы мәртебесі Пайдаланушыға келесі жағдайлардың бірінде беріледі: (i) Төлемдерді жүзеге асыру мақсатында Пайдаланушының Есеп жазбасы Баланына қол жеткізуді жүзеге асыру үшін Пайдаланушының соңғы рет Жүйені пайдаланған күнінен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн өткен соң; (ii) осы Офертада көзделген негіздердің кез келгені бойынша Пайдаланушының Есеп жазбасын Оператордың Бұғаттаған сәтінен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күн өткеннен кейін. Белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесі белсенді Пайдаланушы Мәртебесіне Пайдаланушының Жүйені Төлем жасау мақсатында пайдаланған күнінен бастап (1) немесе Пайдаланушының Есеп жазбасы бұғаттан шығарылған күннен бастап (2) өзгертіледі.

Тараптар – Жүйе операторы және Пайдаланушы.

Тарифтер – Оператор көрсететін қызметтерге қатысты қолданылатын, Жүйе операторы белгілеген комиссиялар жүйесі. Тарифтер Жүйенің WEB-сайтында орналастырылады және осы Шарттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Терминал – әртүрлі типтегі бағдарламалық-техникалық кешендер, соның ішінде Өзіне-өзі қызмет көрсету автоматтары, pos-терминалдар (Point Of Sale типті мамандандырылған касса жанындағы құрылғылар), стационарлық құрал-жабдықтар, қалталы типті мобильдік құрылғылар, тасымалданатын терминалдар және кассалық аппараттар, сондай-ақ Төлемдерді АТС Интернетте (төлем шлюзы) авторландыруға арналған есеп айрысу web-сервері. Тауар – азаматтық-құқықтық мәмілелерді негізінде жеке басы үшін, отбасында немесе үйде пайдалану үшін ССК-ң соңғы тұтынушыларға (Пайдаланушыларға) өткізетін тауарлары, жұмыстары мен қызметтері, сондай-ақ зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтары.

Төлемдерді қабылдау орны – Пайдаланушылардан ақша қаражаттарын Есеп жазбасының Балансын толықтырудың есебіне қабылдау бойынша қызметті жүзеге асыратын Төлем субагентінің оқшауланған бөлімшелері.

- Жүйе Қатысушысы - Эмитент, Эмитенттің Агенті, Төлем агенті, Пайдаланушы, ССК.

Пайдаланушының Есеп жазбасы – Жүйе Операторының талдамалық есебіндегі Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансына келіп түсетін, сонымен қатар Пайдаланушының Төлемдерді жасауға жұмсайтын Электрондық ақшаны есепке алу құралы болып табылатын жазбасы. Оператордың есебінде Пайдаланушының Есеп жазбасының сәйкестендіргіші Пайдаланушының Абоненттік нөмірі болып табылады. Пайдаланушы үшін ұялы байланыс операторымен қағаз тасымалдағышта ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу талап етілмейтін, Пайдаланушыны тіркеген кезде қызметтерді алу үшін қолданылмайды және одан әрі Пайдаланушының Есеп жазбасының сәйкестендіргіші ретінде көрсетіле алмайтын Абоненттік нөмір.

Электрондық ақша – Электрондық ақша Эмитентінің электрондық нысанда сақталатын және Жүйенің басқа Қатысушылары Жүйедегі Төлем құралы ретінде қабылдайтын Эмитенттің шартсыз және кері қайтарылмайтын ақшалай міндеттемелері.

Электрондық ақша Эмитенті (Эмитент) – Электрондық ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын және Пайдаланушылардың оларды пайдаланып «QIWI Әмиян» жүйесінің шегінде жасайтын Төлемдері бойынша есеп айырысуларды қамтамасыз етуге міндеттенетін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ², (Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 40-үй; KZ87125KZT100300313, BSK HSBKKZKX).

Төлемдерді Message-растау – Пайдаланушының Төлемді жасау туралы өкімін Пайдаланушының Жүйеге қашықтан қол жеткізуі мақсатында мобильдік операциялық жүйелердің басқаруымен Пайдаланушының абоненттік құрылғысына арналған бағдарлама-мессенджерді пайдаланып хабарлама жіберу арқылы куәландыру тәсілі.

SMS-құлақтандыру – Жүйе Операторының Пайдаланушыға шығынға жазу бойынша операциялар (Жүйе Операторының пайдасына төлемді шығынға жазу операцияларын қоспағанда) және Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірге Пайдаланушының Есеп жазбасын толықтыру бойынша операциялар туралы SMS-хабарламаларды жіберу бойынша қызметі.

SMS-растама – Жүйе Операторының Төлемді Растау немесе «QIWI Әмиян» жүйесінде тіркеу үшін сервистік SMS-хабарламаларды жіберу бойынша қызметі.

Жүйенің WEB-сайты – www.qiwi.kz электрондық мекенжайы бойынша АТС Интернетте орналастырылған WEB-сайт.

Осы Оферта мәтінінде белгілі бір терминнің бір мағыналы түсіндірмесі болмаса, Пайдаланушы, бірінші кезекте, Жүйенің WEB-сайтында келтірілген түсіндірмелерді басшылыққа алуға міндеттенеді.

II. Шарттың мәні.

2.1. Пайдаланушының осы Офертада көзделген бағдарлы іс-қимылдарды жасау арқылы осы Офертаға қосылу жолымен жасасқан Шартының мәні Оператордың Пайдаланушыға Төлем алушылардың пайдасына есеп айырысуларды Пайдаланушының жүзеге асыруы мақсатында Жүйені Пайдалану бойынша қызметтерді көрсетуі болып табылады.

2.2. Оператордың осы Оферта талаптарымен жасалатын Шарт бойынша қызметті тиісінше көрсетуі мақсатында Пайдаланушы Оператордың осы Офертаның 2.1 т. бойынша өз міндеттемелерін орындауын бастауына дейін осы Офертаның III-бөлімінде көзделген тәртіппен Офертаны акцепттеуге және Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансын толықтыруға міндеттенеді.

III. Офертаны акцепттеу тәртібі.

3.1. Осы Оферта талаптарымен Шарт жасасу үшін Пайдаланушы оны толық және сөзсіз акцепттеуге міндеттенеді.

Офертаны акцепттеу және Пайдаланушының Есеп жазбасын Жүйеде тіркеу үшін Пайдаланушының осы Офертаға №2 Қосымшаға сәйкес өз қызметтерін ұсынатын ұялы байланыс операторымен Пайдаланушының атына рәсімделген ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы күші бар шарты болуға міндетті. Ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы мұндай шарттың таоаптарында Пайдаланушының Абоненттік нөмірді пайдаланып дауыстық шақыруларды қабылдауды және өндеуді, сондай-ақ SMS-хабарламалар мен USSD-хабарламаларды қабылдауды және жіберуді жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылуға тиіс.

Офертаны алған тұлға төменде келтірілген іс-қимылдардың бірін жасаған кезде Акцептті Оператор алған болып саналады:

² 27.04.2022 ж. бастап 26.04.2022 ж. дейін қоса алғанда, Жүйе Эмитенті «Альфа-Банк» ЕБ АҚ болып табылады (Қазақстан Республикасы, 050059,

Алматы қ., Н. Назарбаев даңғ., 226; KZ589472398386466678, «АЛЬФА-БАНК" ЕНШІЛЕС БАНКІ» АҚ, БСК ALFAKZKA).

3.1.1. Пайдаланушының Есеп жазбасын жүйеде өз бетінше тіркеу. Пайдаланушының Есеп жазбасы Терминал арқылы және/немесе АТС Интернет арқылы WEB-сайтта және/немесе «QIWI Әмиян» жүйесінің мобильдік қосымшасы арқылы тіркелуі мүмкін. Пайдаланушы өзінің 5 (бесеуден) аспайтын Есеп жазбасын тіркей алады.

3.1.2. Жүйеде Пайдаланушының аты (login) ретінде пайдаланылатын Абоненттік нөмір туралы мәліметтер берілген жағдайда Эмитенттен/Эмитенттің Агентінен/Төлем агентінен Электрондық ақшаны бірінші рет сатып алу.

Пайдаланушы осы Офертаның 3.2-тармағында көрсетілген шарттарды кейіннен орындаған жағдайда Жүйені Пайдалану құқығын алады.

3.2. Пайдаланушының Есеп жазбасын өз бетінше тіркеу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

3.2.1. Терминал арқылы тіркеу үшін:

- а) Терминалдың интерфейсінен «QIWI Әмиян» бөлімін таңдап алыңыз;
- б) нысанға Абоненттік нөмірді енгізіңіз; Пайдаланушының тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірі Жүйені Пайдаланған кезде Пайдаланушының аты (login) ретінде қолданылады;
- в) Аутентификациялық деректері бар SMS-растаманы алған соң осындай деректерді тіркеу нысанына енгізіңіз.

3.2.2. Жүйенің WEB-сайты арқылы тіркеу үшін:

- а) Интернет-браузердің мекенжай жолына WEB-сайттың электрондық мекенжайын енгізіңіз: www.qiwi.kz;
- б) нысанға Абоненттік нөмірді енгізіңіз; Пайдаланушының тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірі Жүйені Пайдаланған кезде Пайдаланушының аты (login) ретінде қолданылады;
- в) Аутентификациялық деректері бар SMS-растаманы алған соң осындай деректерді тіркеу нысанына енгізіңіз.

3.2.3. «QIWI Әмиян» жүйесінің мобильдік қосымшасы арқылы тіркеу үшін:

- а) «QIWI Әмиян» мобильдік қосымшасын орнатыңыз;
- б) нысанға Абоненттік нөмірді енгізіңіз; Пайдаланушының тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірі Жүйені Пайдаланған кезде Пайдаланушының аты (login) ретінде қолданылады;
- в) Аутентификациялық деректері бар SMS-растаманы алған соң осындай деректерді тіркеу нысанына енгізіңіз.

3.2.4. Өз бетінше тіркеу Пайдаланушы Оператордан (немесе ол қатыстырған уәкілетті тұлғадан) SMS-растаманы (осы Офертаның 3.2.1-тармағының (в)-тармақшасына немесе 3.2.2-тармағының (в)-тармақшасына немесе 3.2.3-тармағының (в)-тармақшасына сәйкес) арқылы алған Аутентификациялық деректерді дұрыс енгізген соң аяқталған болып саналады.

3.2.5. Осы Офертаның акцепттеуге бағытталған іс-қимылдарды жасай отырып, Пайдаланушы осы Офертаның шарттарын қабылдайды, сондай-ақ толық көлемде және ешбір тармағын алып тастамай, КИВИ Банк (АҚ) (Ресей Банкінің №2241 лицензиясы, ОГРН 1027739328440) ұсынатын QIWI Әмиян Төлем сервисін пайдалану туралы Жария офертаның шарттарын қабылдайды.

3.2.6. Осы Офертаның 3.1.1. - 3.1.2. тармақтарында көзделген іс-қимылдарды жүзеге асыру нәтижелері бойынша Пайдаланушының Есеп жазбасы Пайдаланушыға беріледі; Пайдаланушының Есеп жазбасын Пайдаланушыға берген сәттен бастап соңғысының Ақпараттық пакет көлемінде қызметтерді алуға құқығы пайда болады.

3.3. Офертаның 3.1.2-тармағында көрсетілген тәртіппен Офертаның акцепттеген жағдайда Жүйені пайдалануды бастағанға дейін Пайдаланушы 3.2-тармақта аталған тәсілдердің кез келгенімен өз бетінше тіркеуді жүзеге асыруға тиіс.

3.4. Жүйеде өз бетінше тіркеуді жүзеге асырған соң Жүйені әрі қарай пайдалану мүмкіндігін алу үшін (Ақпараттық пакетке кіретін қызметтерді қоспағанда) Пайдаланушы Эмитенттен/Эмитенттің Агентінен/Төлем агентінен келесі тәсілдердің бірін пайдаланып Электрондық ақша сатып алуға міндетті:

- а) ақша қаражаттарының тиісті сомасын Терминал арқылы салу;
- б) ақша қаражаттарының тиісті сомасын Төлемдерді қабылдау орны арқылы салу;
- в) ақша қаражаттарының тиісті сомасын «QIWI Әмиян» жүйесінен басқа төлем сервистерінде

тіркелген шоттардан шығынға жазу;

д) ақша қаражаттарының тиісті сомасын Эмитенттің/Эмитент Агентінің/Төлем агентінің шотына банк арқылы шот ашпай ақша қаражаттарын аудару операциясын жасау арқылы салу;

е) ақша қаражаттарының тиісті сомасын Эмитенттің/Эмитент Агентінің/Төлем агентінің шотына кез келген банкте ашылған банк шоты бойынша операция жасау арқылы салу.

ж) Пайдаланушы қолдана алатын басқа тәсілдермен.

Пайдаланушы Электрондық ақшаны осы тармақтың а), б) және в) тармақшаларында көзделген тәсілдердің бірімен сатып алған жағдайда Пайдаланушы салатын ақша қаражаттарының максималды

сомасы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңында (бұдан әрі – «Заң»), Электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу қағидаларында белгіленген талаптардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптардан, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерінде белгіленген талаптардан аспауға тиіс.

3.5. Пайдаланушының Есеп жазбасын Жүйеде тіркеу және Электрондық ақша сатып алу бойынша аталған іс-қимылдардың барлығын Пайдаланушы жасаған сәттен бастап Пайдаланушы Жүйені Пайдалануды осы Офертада, Оператордың басқа ішкі құжаттарында, WEB-сайтта, «QIWI Әмиян» жүйесінің шегінде белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асыруға құқылы болады.

3.6. Оператор осы Офертаның талаптарымен бір жақты тәртіппен, себептерді қосымша түсіндірусіз Пайдаланушымен Шарт жасасудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

3.7. «QIWI Әмиян» жүйесіндегі Есеп жазбаларының мәртебелері:

3.7.1. «Минималды» – Қазақстан Республикасының қоланыстағы заңнамасына сәйкес сәйкестендіру немесе жеңілдетілген сәйкестендіру процедурасы қай Пайдаланушыға жүргізілсе, сол Пайдаланушының Есеп жазбасына беріледі.

3.7.2. «Негізгі» – Электрондық ақшаның иесі болып табылатын Пайдаланушының жеке сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді белгілеп ала отырып және жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін ала отырып, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеңілдетілген тәсілмен сәйкестендіру процедурасын Эмитент/Оператор қай Пайдаланушыға қатысты жүргізбеген болса, сол Пайдаланушының Есеп жазбасына беріледі.

3.7.3. «Кәсіби» – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қай Пайдаланушыға қатысты Эмитент/Оператор сәйкестендіру процедурасын жүргізген болса, сол Пайдаланушының Есеп жазбасына беріледі.

3.8. «QIWI Әмиян» жүйесінің шегінде Пайдаланушылардың Электрондық ақшамен жүргізетін операциялары бойынша лимиттер мен шектеулер:

«QIWI Әмиян» жүйесіндегі Есеп жазбаларының мәртебелері	Бір реттік операцияның максималды сомасы	Жүйедегі Есеп жазбасының Балансында сақталатын Электрондық ақшаның максималды сомасы	Есеп жазбасының балансынан жұмыс күні ішіндегі төлемдердің максималды сомасы
«Минималды»	50 АЕК	100 АЕК	100 АЕК
«Негізгі»	100 АЕК	300 АЕК	300 АЕК
«Кәсіби»	шектеусіз	шектеусіз	шектеусіз

IV. Жүйені Пайдалану тәртібі, шарттары және құны

4.1. Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеген және Электрондық ақшаны сатып алған соң Пайдаланушы Жүйені Пайдалануды жүзеге асыруға, соның ішінде Төлемдерді жасау мақсатында Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансына қол жеткізуді жүзеге асыруға құқылы.

4.2. Пайдаланушы Төлемдерді өкімді құру, куәландыру және нақты төлем Алушының пайдасына Төлемді электрондық түрде жасау туралы Электрондық ақшаны пайдаланып өкімді жіберу арқылы жасайды.

4.2.1. Өкімді құру үшін Пайдаланушы келесі тәсілдердің бірімен Төлемнің деректемелерін (соның ішінде: (i) Электрондық ақшаны пайдалану арқылы кімнің пайдасына Төлем жасалып жатса, сол төлем Алушы туралы; (ii) Төлемнің міндетін сәйкестендіретін төлем деректемелері туралы (Пайдаланушы мен төлем Алушының арасындағы шарттың нөмірі мен күні сияқты, төлемді жасаған кезде қандай ақпараттың берілуіне тиіс екеніне қарай басқа да деректемелер); (iii) Төлем сомасы туралы; және т.б.) береді:

а) WEB-сайтта тиісті нысанды толтыру арқылы;

б) Терминалда тиісті нысанды толтыру арқылы;

в) «QIWI Әмиян» жүйесінің мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып мобильдік құрылғыда тиісті нысанды толтыру арқылы.

4.2.2. Төлемді жасауға өкімді куәландыру:

4.2.2.1. Пайдаланушының өзі орнатқан «QIWI Әмиян» жүйесінің теңшелімдеріне қарай:

- Пайдаланушының оған Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде берілген Аутентификациялық деректерді енгізуі арқылы;

- Пайдаланушының оған Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде берілген Аутентификациялық деректерді енгізуі, сондай-ақ Төлемдерді SMS-растау сервисі арқылы жіберілген/КИВИ робот жіберген Растау кодын енгізу арқылы;

4.2.2.2. Төлемдерді Message-растау арқылы пәрмендерді пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Дұрыс Аутентификациялық деректердің, Растау кодтарының, немесе пәрмендердің Төлемдердің Message-растамасы арқылы енгізілуін Тараптар жасалған Төлемдердің бір мағыналы және даусыз дәлелі ретінде қабылдайды.

Өкімдерді құру және жіберу мақсатында Message-растама арқылы жіберілген Жүйені, Растау кодтарын, пәрмендерді Авторландыру және Пайдалану үшін Пайдаланушының жіберетін электрондық хабарламаларындағы Аутентификациялық деректердің қолданылуы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өз қолымен қойған қолтаңбаларды пайдалануға ұқсас заңдық салдарды туындатады, ал осы Офертаның талаптарымен жасалған Шартты орындаумен байланысты және жоғарыда келтірілген тәсілдердің кез келген бірімен куәландырылған барлық құжаттар жазбаша нысандағы құжаттар болып танылады.

Пайдаланушы енгізген Аутентификациялық деректердің, Растау кодтарының немесе Message-растама арқылы жіберілген пәрмендердің дұрыстығын, сондай-ақ Төлем жасау үшін Пайдаланушының Есеп жазбасы Балансының жеткіліктілігін тексерген соң Оператор Пайдаланушы көрсеткен ақпаратты Эмитентке жібереді, сондай-ақ Пайдаланушыға Эмитенттің тиісті өкімді орындауға қабылдағаны, немесе орындаудан бас тартқаны туралы хабар береді.

4.3. Оператор Пайдаланушының осы Офертада көзделген бағдарлы іс-қимылдарды жасау арқылы осы Офертаға қосылу арқылы жасалатын Шарт бойынша Тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерінің пайда болғанын, өзгергенін немесе тоқтатылғанын электрондық есеп тіркелімінде белгілеп алуға міндеттенеді.

4.3.1. Пайдаланушыға Оператор әр операцияның (Төлемнің) жасалғаны туралы Жүйенің WEB-сайтындағы «Тарих» бөлімінде ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды. Пайдаланушы «Тарих» бөліміндегі ақпаратты күніне кемінде 1 (бір) рет тексеруге міндеттенеді. Пайдаланушы Жүйенің WEB-сайтында «Тарих» бөліміндегі операцияларды жасалғаны туралы ақпаратты тексермеген жағдайда Оператор Пайдаланушының операция туралы ақпарат алмауына байланысты жауапкершілік көтермейді. Пайдаланушы Жүйенің WEB-сайтындағы «Тарих» бөлімінде операцияның жасалғаны туралы ақпарат орналастырылған сәттен бастап Оператордың Пайдаланушыға хабарлау бойынша міндеттемесінің тиісінше тәртіппен орындалғанын мойындайды және осы Офертаны акцепттеу арқылы растайды.

Оператор сондай-ақ осы Офертаның 6.2.4 т. сәйкес Пайдаланушыға шығынға жазу бойынша операциялар (Оператордың пайдасына төлемді шығынға жазу бойынша операцияларды қоспағанда) және Пайдаланушының Есеп жазбасын Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірге толықтыру бойынша операциялар туралы SMS-хабарламалар жібере алады. SMS-хабарламалар қызметін ұсынуды Оператор осы Офертаға №3 Қосымшада көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырады.

Түбіртек алу үшін Пайдаланушыға www.qiwi.com сайтындағы «Тарих» бөлімінде Төлемді жасау кезеңінде міндетті төмендегі және одан басқа да деректемелер көрсетілген «Түбіртекті басып шығару» опциясын басу керек:

- 1) Эмитенттің атауы және деректемелері, оған қоса оның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 2) операцияның жасалған уақыты және күні;
- 3) түбіртектің реттік нөмірі;
- 4) қабылданған ақшаның немесе Электрондық ақша иесінен келіп түскен Төлемдердің сомасы;
- 5) шығарылған Электрондық ақша сомасы;
- 6) Пайдаланушының Есеп жазбасының сәйкестендіру коды (Абоненттік нөмірі);
- 7) комиссиялық сыйақы мөлшері (алынған жағдайда).

Белгілі бір кезең үшін үзінді көшірмені электрондық және/немесе қағаз құжаты түрінде алу және нақты операция туралы ақпаратты қайта алу үшін Пайдаланушы Операторға Есеп жазбасының қатыстылығын растайтын құжаттарды қоса тіркей отырып, операцияны (-ларды) жасау кезеңін немесе күнін көрсетіп жазбаша сұрау жіберуге құқылы:

- 1) ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттың көшірмесін (Оператордың қарап білгенінше және сұраудың мазмұнына қарай нотариалдық куәландырылған көшірме немесе электрондық көшірме түрінде беріледі);
- 2) жеке куәліктің және/немесе төлқұжаттың көшірмелерін (Оператордың қарап білгенінше және сұраудың мазмұнына қарай нотариалдық куәландырылған көшірме немесе электрондық көшірме түрінде беріледі).

Төлемді Жүйеде Электрондық ақшаның көмегімен жүзеге асырғаннан кейін олардың Пайдаланушысына

Электрондық ақшаны пайдаланып операцияны жасалу фактісін растайтын төмендегі деректемелер көрсетілген, сауда чегі болып табылатын Түбіртек беріледі:

- 1) төлем сомасы;
- 2) төлемді жасау уақыты және күні;
- 3) сауда чегінің (Түбіртектің) реттік нөмірі;
- 4) жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы (коды) және жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 5) Жүйедегі Төлемді сәйкестендіретін операция нөмірі;
- 6) Пайдаланушының Есеп жазбасының сәйкестендіру коды (Абоненттік нөмірі);
- 7) Оператордың телефондарының, соның ішінде ұялы байланыс телефонының байланыс нөмірлері.

Оператор өз қарап білгенінше Түбіртекке (сауда чегіне) қосымша деректемелерді енгізуге құқылы.

4.4. Оператор Пайдаланушының төлемді Алушымен мәмілесінің құқықтық қабілеттілігін, оның шарттарын, сол сияқты мәмілені жасасу, орындау және бұзу, соның ішінде осындай мәміле бойынша төлемді қайтару және Пайдаланушының және/немесе төлемді Алушының қолданыстағы салықтар мен алымдарды төлеу бөлігіндегі фактісі мен салдарын реттемейді және бақыламайды. Сонымен қатар Оператор төлем Алушының мәміле бойынша өз міндеттемелерін, соның ішінде Пайдаланушыға оның сатып алған Тауарларын табыстау бойынша міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) қатысты Пайдаланушының шағымдарын қарамайды. Пайдаланушы сатып алған тауарлар және/немесе қызметтер үшін ақшаны қайтару қажеттігі туындаған жағдайда ақша Пайдаланушының өтініші бойынша жеке басын куәландыратын құжаттың және Жүйе Операторының талабы бойынша өзге құжаттардың көшірмесімен бірге Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансына қайтарылады.

4.5. Пайдаланушы мен ұялы байланыс операторының арасында жасалған ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірдің күшін жоя отырып бұзылған жағдайда Пайдаланушы жоғарыда аталған Абоненттік нөмір көрсетілген Аутентификациялық деректер арқылы Жүйені Пайдалануды тоқтатуға және Пайдаланушының осы Офертаға қосылу арқылы жасасқан Шартын бұзуға міндетті.

Операторда Пайдаланушы мен ұялы байланыс операторының арасындағы Абоненттік нөмірге қатысты ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт бұзылған деп болжауға жеткілікті негіздері болған жағдайда Пайдаланушы және Жүйедегі Төлемдер туралы ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жеткізуін болдырмау мақсатында Оператор Пайдаланушының Есеп жазбасына қол жеткізуді Бұғаттауға, шарттың қолдану мерзімінің ішінде Пайдаланушы жасаған Төлемдер турады шоғырландырылған ақпаратты көрсетуді тоқтатуға, сондай-ақ Есеп жазбасына қол жеткізу үшін Пайдаланушы енгізетін, жоғарыда аталған күші жойылған Абоненттік нөмір көрсетілген Аутентификациялық деректерді қабылдамауға құқылы. Есеп жазбасына қол жеткізуді қайта бастау үшін Пайдаланушы Операторға осы Офертаның 4.3.1. т. көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.6. Пайдаланушы Операторға Абоненттік нөмірге қатысты ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы жаңа шартты ұсынғанға дейін немесе Пайдаланушы осы Офертада көзделген тәртіппен осы Шартты бұзғанға дейін Оператор Пайдаланушының Есеп жазбасына қолжетімділікті Бұғаттауға және Пайдаланушы күші жойылған Абоненттік нөмір көрсетілген Аутентификациялық деректер жинағы бар Жүйені Пайдалану арқылы қызметтерді алуға құқылы.

4.7. Осы Шартты бұзған жағдайда Эмитенттің қайтаруы тиіс Төлемдерді жүзеге асыру үшін Эмитентке талаптарды қою мақсатында Пайдаланушыға қолжетімді ақша қаражаттарына меншік құқығын растау.

4.8. Пайдаланушы Абоненттік нөмір туралы анық емес деректерді ұсынған, атап айтқанда, Жүйеде басқа тұлғаға тиесілі Абоненттік нөмірді пайдаланып тіркелген, Оператор ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шартты бұзу жөнінде хабарламаған, Абоненттік нөмір ауысқан, Пайдаланушы тосы тармақтың шарттарын бұзған жағдайда Пайдаланушының іс-қимылдарының нәтижесінде Операторға және/немесе Эмитентке, Жүйеге және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін жауапкершілікті Пайдаланушы толық көлемде көтереді.

4.9. Жүйе Операторы осы Офертаның 4.3.1 т. сәйкес Пайдаланушы ұсынған құжаттарды оларды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінеңде қарайды. Пайдаланушы аталған құжаттарды Оператор тиісті талапты жіберген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде ұсынбаған жағдайда Жүйе Операторы осы Оферта талаптарымен жасалған Шартты бұзуға және Пайдаланушының Есеп жазбасын Бұғаттауға құқылы.

4.10. Жүйе Операторы Ақпараттық пакетті Пайдаланушыға тегін ұсынады.

4.10.1. Жекелеген қызметтер үшін ақы Жүйе Операторының WEB-сайтында www.qiwi.kz орналастырылған Тарифтермен белгіленеді.

4.11. Оператордың белсенді емес Пайдаланушыға Жүйені Пайдалану мүмкіндігін беру бойынша қызметі тегін болып табылады. Пайдаланушыға белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесін белгілеген күннен кейінгі бірінші күнтізбелік күннен бастап Оператордың Жүйені Пайдалану мүмкіндігін Пайдаланушыға беру бойынша қызметтерінің құны Пайдаланушының Есеп жазбасының Баланс сомасының 0,5%, бірақ әрбір күнтізбелік күн үшін кемінде елу теңгені құрайды.

Офертаның осы тармағында көзделген Оператор қызметтерінің құнына ҚР СК 394 б. 7 т. сәйкес ҚҚС салынбайды.

4.11.1. Оператордың Пайдаланушыға Жүйені Пайдалану мүмкіндігін беру бойынша қызметінің есептелген құны есептік кезеңнің қорытындылары бойынша күнтізбелік айдың соңғы күні есептеледі, бұл ретте бірінші есеп айырысу кезеңі ағымдағы күнтізбелік айдың бірінші күнінен бастап ағымдағы күнтізбелік айдың соңғыдан бұрынғы күніне дейін есептеледі, одан кейінгі есеп айырысу кезеңдері алдыңғы күнтізбелік айдың соңғы күнінен бастап ағымдағы күнтізбелік айдың соңғысынан бұрынғы күніне дейін, Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансында тұрған сомалардан төленеді.

4.11.2. Оператордың Пайдаланушыға Жүйені Пайдалану мүмкіндігін беру бойынша қызметтерінің құны Пайдаланушы белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесін алған күнге дейін, немесе Есеп жазбасының нөлдік Балансына жеткенге дейін, немесе осы Офертаның 8.8 т. және/немесе 8.9 тү сәйкес Шартты бұзған күнге дейін, аталған күндерді есеп айырысу кезеңіне қосусыз төленуге тиіс. Оператордың Пайдаланушыға Жүйені Пайдалану мүмкіндігін беру бойынша қызметтерінің құнын төлеу Пайдаланушыға белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесінің берілуіне алып келмейді.

Пайдаланушы Операторға алдын ала берілген акцепт тәртібімен Офертаның осы тармағында көзделген қызмет үшін Төлемдерді жүзеге асыру құқығын береді.

V. Пайдаланушының құқықтары және міндеттері.

5.1. Пайдаланушы Жүйені осы Офертада көзделген тәртіпте және шарттарда толық көлемде пайдалануға құқылы. Оператордың барлық қызметтерінің толық сипаттамасы Жүйенің WEB-сайтында тұрақты түрде орналасқан.

5.2. Пайдаланушы өз қалауы бойынша өзінің Аутентификациялық деректерін пайдалана отырып Жүйені пайдалануға құқылы. Пайдалану Пайдаланушының WEB-сайттың кез келген элементтерін қайта жасамау, қайталамау немесе көшірмеу, сатпау немесе тағайындамау немесе кез келген коммерциялық мақсатта пайдаланбау, сондай-ақ Жүйеге осы тармақта көрсетілген мақсаттар үшін үшінші тұлғалардың WEB-сайтын пайдалану үшін үшінші тұлғаларға рұқсат бермеу міндетімен шектеледі.

5.3. Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркегеннен кейін Жүйені пайдалану құқығы айрықша және болып табылады және басқаларға берілмейді.

Пайдаланушы өз Аутентификациялық деректерін үшінші тұлғаға берген жағдайда Пайдаланушы осындай үшінші тұлғалардың Жүйені Пайдаланып жасаған іс-қимылдары үшін, сондай-ақ осындай үшінші тұлғалардың Жүйеге, Операторға және Пайдаланушының Есеп жазбасына келтірген зияны үшін (оған қоса Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансында тұрған қаражаттардың есебінен Төлемдерді жасағаны үшін) жауапкершілікті толық көлемде көтереді.

5.4. Пайдаланушы Жүйені Пайдаланудан кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Пайдаланушы кез келген уақытта WEB-сайтта көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушыларға қолдау көрсету қызметіне хабарласып, Жүйені Пайдалануға қолжетімділікті уақытша Бұғаттай алады.

5.5. Пайдаланушы WEB-сайтта көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушыларға қолдау көрсету қызметіне Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде өзі көрсеткен және Пайдаланушының Есеп жазбасы байланыстырылған электрондық пошта мекенжайы (e-mail) туралы деректерді жою мақсатымен хабарласуға құқылы. Оператор Пайдаланушының, егер жүгінген кезде:

- а) Пайдаланушының Есеп жазбасына қолжетімділікті Бұғаттау белгіленген;
- б) Пайдаланушының Есеп жазбасының Пайдаланушы интерфейсында шеттегі банктер эмиссиялаған байланыстырылған карталар туралы деректер сақталған;
- в) Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансы нөлге тең болмаған;
- г) Пайдаланушы Жүйеде соңғы жасалған Төлемдер туралы қате/анық емес деректерді (Төлем сомасы, Төлемді Алушы, Төлем жасалған күн) хабарлаған;
- д) Операторға жүгінген тұлға Пайдаланушы туралы қате/анық емес деректерді (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)) хабарлаған

жағдайда Пайдаланушының Есеп жазбасы байланыстырылған электрондық пошта мекенжайы (e-mail) туралы деректерін жоюдан бас тартады.

5.6. Пайдаланушы өз Аутентификациялық деректерін, Пайдаланушының Есеп жазбасы байланыстырылған Абоненттік нөмір бар sim карта орнатылған мобильдік (ұялы) телефонды үшінші тұлғалар қол жеткізе алмайды жерде сақтауға міндетті.

5.6.1. Аутентификациялық деректерді, Пайдаланушының Есеп жазбасы байланыстырылған Абоненттік нөмір бар sim карталарды немесе осы sim карта орнатылған мобильдік (ұялы) телефонды жоғалтып алған жағдайда Пайдаланушы жоғалу фактісі байқалған жағдайда бұл туралы Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірі бар SMS-ті 7494 сервистік нөміріне «PASS» мәтінін жіберу, WEB-сайтта көрсетілген телефондары бойынша Пайдаланушыларды қолдау қызметіне қоңырау шалу немесе WEB-сайтта осыған арнайы арналған жүгіну нысанын пайдаланып хабарлама жіберу арқылы дереу Операторға хабарлауға міндетті.

5.6.2. Оператор Пайдаланушының Есеп жазбасына Жүйе арқылы, Пайдаланушының Аутентификациялық деректерін пайдаланып Операторға Аутентификациялық деректердің, немесе Абоненттік нөмірі бар sim

картаның, немесе Пайдаланушының Есеп жазбасы байланыстырылған Абоненттік нөмірі бар картаның, немесе осы sim карта орнатылған мобильдік (ұялы) телефонның жоғалғаны туралы тиісінше хабарлама келіп түскенге дейін келтірілген зиян үшін (оған қоса Төлемдерді жүзеге асыру үшін Эмитентке талаптарды қою мақсатында Пайдаланушыға қолжетімді қаражаттардың есебінен Төлемдерді жасау үшін) жауапкершілік көтермейді.

Хабарлама Оператордың мекенжайына Офертаның 5.6.1 т. көрсетілген тәсілдердің бірімен келіп түскен жағдайда оны Оператор тиісінше тәртіппен алған болып есептеледі.

Пайдаланушының Аутентификациялық деректерін рұқсатсыз пайдалану кезеңінің ішінде Жүйеге және/немесе Операторға келтірілген зиянды Пайдаланушы Операторға өтеп беруге міндетті.

5.7. Жүйеге қашықтан қол жеткізуге рұқсат алу үшін мессенджер-бағдарламасын пайдаланған жағдайда Пайдаланушы, егер мұндай опция мессенджер-бағдарламада қарастырылған болса, авторландырылмаған қол жеткізуден құпиясөзбен қорғанысты орнатуға міндетті.

5.8. Пайдаланушы кез келген уақытта Оператор ұсынатын Ақпараттық пакет шегінде Жүйенің WEB-сайтында ұсынылған интерфейс арқылы Пайдаланушының Жүйені Пайдаланып ақпарат берілген күннің алдындағы 1 (бір) күнтізбелік жылдың ішінде жүзеге асырған Төлемдері туралы ақпаратты алып отыруға құқылы.

Пайдаланушының осы тармақта анықталған кезеңнен тыс уақытта Жүйені Пайдаланып жүзеге асырған Төлемі (дері) туралы ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда Пайдаланушы Операторға Жүйені

Пайдаланудың уақыттық кезеңін көрсете отырып жазбаша сұратым жіберуге міндетті. Ақпарат Пайдаланушыға оның тиісті сұрауы келіп түскен сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде беріледі.

5.9. Пайдаланушыға Жүйедегі барлық операциялар Пайдаланушы дұрыс Аутентификациялық деректерді, Растау кодтарын немесе Төлемдерді Message-растау арқылы берілген пәрмендерді енгізген жағдайда ғана жасалатыны туралы хабарланды және Пайдаланушы онымен келіседі.

5.10. Осы Оферта талаптарымен Шарт жасасу арқылы Пайдаланушы Оператордың оның дербес деректерін өңдеуіне, атап айтқанда оған қоса келесі іс-қимылдарды жасауға: дербес деректерді жинауға, жүйелендіруге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, таратуға (соның ішінде беруге), оған қоса трансшекаралық беруге, Оператормен шарттарды жасасу мақсатымен иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, жасалған шарттарды орындауға, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттарын заңдастыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік актілердің талаптарын орындау мақсатымен келісімін береді. Аталған іс-қимылдар автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы жасалуы мүмкін.

Сонымен қатар Пайдаланушы осы тармақта көзделген іс-қимылдарды жүзеге асыру мақсатында дербес деректердің берілуіне, соның ішінде трансшекаралық берілуіне, Оператордың оның дербес деректерін Оператор мен осындай үшінші тұлғалардың арасында шарт жасалған болса, үшінші тұлғаларға беруіне, трансшекаралық беруіне өз келісімін береді.

Келісім Операторға жазбаша өтініш жіберу арқылы қайтарып алынуы мүмкін. Осындай өтінішті алғаннан кейін Оператор жеті күннің ішінде дербес деректерді өңдеуді, соның ішінде: ҚР қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген негіздерді қоспағанда, барлық негіздер бойынша жинауды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), пайдалануды, таратуды (соның ішінде беруді), иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды тоқтатады.

5.11. Осы Оферта талаптарымен Шарт жасасу арқылы Пайдаланушы оның Пайдаланушының атына рәсімделген және Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірді пайдалануға Пайдаланушының құқығын растайтын осы Офертаға №2 Қосымшаға сәйкес өз қызметтерін ұсынатын ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы қолданыстағы шартының болуын растайды, және аталған шартты Оператордың бірінші талабы бойынша, оның Пайдаланушының Есеп жазбасын басқару құқығын және «QIWI Әмиян» жүйесінде тіркелген Пайдаланушының Есеп жазбасын құрайтын ақша қаражаттарына меншік құқығын растау мақсатында Абоненттік нөмірге беріп тұруға, 10 (он) жұмыс күннің ішінде Абоненттік нөмірдің өзгергені немесе Пайдаланушыға Абоненттік нөмірдің тиесілі екенін растауға мүмкіндік бермейтін кез келген заңды фактілердің пайда болғаны туралы хабарлап тұруға және ұялы байланыс операторымен жасасқан Қызметтерді көрсету туралы шартты немесе оның тиісінше куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндеттенеді.

5.12. Осы Офертаның талаптарымен Шартты жасасу арқылы Пайдаланушы Операторға дауыстық шақыруларды жасауға құқық береді, сондай-ақ Оператордан (немесе оның аталған мақсат үшін тартқан үшінші тұлғасынан – «КИВИ» АҚ-нан (ЖСН 7707510721)) электр байланыс желілері бойынша, соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде және/немесе Төлемді жүзеге асыруға арналған деректеме ретінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірге және/немесе электрондық пошта мекенжайына (e-mail) хабарламаларды төмендегі мақсаттармен алып тұруға келісімін береді:

а) Жүйені Пайдаланудың, соның ішінде төлемдерді Алушылардың пайдасына Төлемдерді жасау кезінде қауіпсіздік деңгейін арттыру;

б) Пайдаланушыларға Оператор ұсынатын жаңа өнімдер, қызметтер және сервистер туралы ақпарат беріп

тұру;

в) жарнамалық және ақпараттық сипаттағы, соның ішінде үшінші тұлғалар ұсынатын тауарлар мен қызметтер туралы жарнамалық және ақпараттық сипаттағы хабарламаларды, мұндай хабарламаларды көрсетілген e-mail-ге келіп түсетін хабарламалар мәтінінде сервистік веб-сілтемені пайдалана отырып алудан бас тарту мүмкіндігімен жіберу;

г) Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансы бойынша сұратылған операцияларды растау туралы ақпараттық сұрауларды жіберу;

д) Пайдаланушыға пайдасына Электрондық ақшаны пайдаланып Төлем жасалған төлем Алушының тапсырмасы бойынша қосымша ақпарат жіберу.

VI. Құпиялылық және қауіпсіздік.

6.1. Тараптар Жүйеде алмасуы жүзеге асырылатын немесе Тараптар Жүйені Орындаумен байланысты қол жеткізе алатын ақпарат пен құжаттардың қауіпсіздігі және олардың қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Пайдаланушы өз Аутентификациялық деректерінің құпиялылығын сақтау, оларды рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу және үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз пайдаланудан қорғау бойынша барлық қажетті шараларды өз бетінше қабылдауға міндеттенеді.

6.2.1. Пайдаланушы өз Аутентификациялық деректерін үшінші тұлғаларға хабарламауға міндеттенеді.

6.2.2. Пайдаланушы Жүйенің WEB-сайтындағы «Теңшелімдер» - «Жаңа құпиясөз» Бөліміндегі Құпиясөзді оның қолдану мерзімі аяқталған жағдайда немесе оны осы Офертаның талаптарына сәйкес Оператор мәжбүрлі түрде күшін жойған жағдайда өз бетінше өзгертуге міндеттенеді. Құпиясөзді өзгерту кезінде Аутентификациялық деректер ретінде Жүйеде тіркелу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірді және Пайдаланушы көрсеткен жағдайда электрондық пошта (e-mail) деректерін пайдаланады.

6.2.3. Аутентификациялық деректерін рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу және оларды қашықтан қол жеткізу арналарын пайдаланып үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз пайдаланудан қорғау мақсатында Пайдаланушы Жүйеге қол жеткізу үшін оның қолданатын техникалық құрылғыларына (Қосалқы агенттерге тиесілі терминал типті құрылғыларды қоспағанда) өз бетінше вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтама орнатуға және оның уақтылы жаңартылып тұруын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Пайдаланушының вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтаманы пайдаланбауы, лицензиясы жоқ (заңсыз сатып алынған) вирусқа қарсы бағдарламалық жасақтаманы пайдалануы немесе Пайдаланушының қауіп-қатерлер сигнатураларын уақтылы жаңартпауы үшінші тұлғалардың Пайдаланушының Аутентификациялық деректеріне рұқсатсыз қол жеткізуіне алып келген жағдайда Оператор Пайдаланушының Есеп жазбасына Пайдаланушының Аутентификациялық деректерін пайдалану арқылы келтірілген зиян (оған қоса Пайдаланушының Есеп жазбаласының Балансында тұрған қаражаттардың есебінен Төлемдерді жасау) үшін Операторға тиісті хабарлама келіп түскенге дейін (осы Офертаның 5.6.1 т.) жауапкершілік көтермейді.

6.2.4. Пайдаланушының Есеп жазбасын жүйеде тіркеу кезінде Пайдаланушыға мобильдік қосымша арқылы жасалатын Төлемдерді қоспағанда, Жүйені Пайдаланып жүзеге асырылатын операцияларды (Төлемдерді) SMS-растау қызметі автоматты түрде қосылады. Сонымен қатар Операторда жасалып жатқан Төлемнің заңдылығына қатысты күмәні туындамаған және Пайдаланушы дұрыс Аутентификациялық деректерді енгізген жағдайда SMS-растау қызметін көрсету шегінде Пайдаланушыға Растау кодын жібермеу құқығын Оператор өзіне қалдырады. SMS-растау қызметі тегін болып табылады және Пайдаланушыға Жүйені Пайдаланып Төлемдерді жүзеге асырудың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында ұсынылады.

SMS-растау қызметін Пайдаланушы WEB-сайт арқылы мәжбүрлі түрде ажырата алады. Пайдаланушының SMS-растау қызметін мәжбүрлі түрде ажыратуы Жүйені Пайдалану талаптарын бұзу болып табылады. Пайдаланушы SMS-растау қызметін мәжбүрлі түрде ажыратқан, сондай-ақ Пайдаланушы Жүйеде Есеп жазбасын тіркеу кезінде осы Офертаның 3.1 т. 2 абз. белгіленген талаптардың бірін орындамаған жағдайда Пайдаланушы Операторға Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансынан ақша қаражаттарын заңсыз шығынға жазумен байланысты шағым келтіру құқығынан айрылады.

Оператордың үшінші тұлға Пайдаланушының есеп жазбасын рұқсатсыз пайдалануға мүмкіндік алды деп болжауға жеткілікті негіздері болған жағдайда Оператор операцияларды (Төлемдерді) SMS-растау бойынша қызметті көрсетуді қайта бастауға құқылы. Мұндай жағдайда көрсетілген қызмет Пайдаланушы оны алудан осы абзацта көзделген тәртіппен қайта бас тартқан кезге дейін ұсынылады. Оператордың операцияларды (Төлемдерді) SMS-растау бойынша қызметтерді Пайдаланушыға ұсынуын қайта бастау оның міндеті емес, құқығы болып табылады.

6.2.1. - 6.2.4. тармақшаларда аталған талаптар Жүйені пайдаланудың елеулі талаптары болып табылады. Пайдаланушыға оларды сақтамаған жағдайда Пайдаланушының Операторға Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансынан ақша қаражаттарын заңсыз шығынға жазумен байланысты шағым беру құқығынан айрылатыны туралы айтылды және ол оны түсінеді.

6.2.5. Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеген сәттен бастап, мобильдік қосымша арқылы жасалатын Төлемдерді қоспағанда, Пайдаланушыға шығынға жазу бойынша операциялар (Оператордың пайдасына

төлеу бойынша операцияларды қоспағанда) және Пайдаланушының Есеп жазбасын толықтыру бойынша операциялар туралы SMS-құлақтандыру қызметін қосу/ажырату құқығы беріледі. SMS-құлақтандыру қызметі Пайдаланушыға осы Офертаға №3 Қосымшада көзделген тәртіппен және талаптармен, Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансындағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы хабарлау, Жүйені Пайдаланып Төлемдерді жүзеге асырудың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында ұсынылады.

6.3. Оператор Пайдаланушының дербес деректеріне, сондай-ақ Пайдаланушы туралы Операторға Жүйені Пайдаланушының Пайдалануына байланысты белгілі болған өзге ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға, төмендегі жағдайларды қоспағанда, міндеттенеді:

- мұндай ақпарат көпшілікке қолжетімді болса;
- ақпарат Пайдаланушының талабы немесе рұқсаты бойынша ашылған болса;
- ақпаратты Пайдаланушы контрагенттеріне осы Оферта талаптарымен жасалған Шарттың талаптарын орындау үшін қажетті көлемде беру керек болса;
- ақпарат заңнамада көзделген негіздер бойынша немесе күмән тудыратын мәмілелер бойынша, немесе соттың не уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті сұраулары келіп түскен жағдайда ашылуы талап етсе.

6.4. Тараптар төмендегі міндеттемелерді өздеріне алады:

- жүйе арқылы заңсыз қаржы операцияларын, заңсыз сауданы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операцияларды немесе басқа кез келген операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырмау;
- заңсыз сауда жасау, заңсыз қаржылық операцияларды жасау, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған операцияларды жасау әрекеттерін болдырмау.

6.5. Жүйе Операторы Пайдаланушыға Жүйені Пайдаланып Төлемдерді жасаудан бас тарту (Жүйені Пайдалануға қол жеткізуді Бұғаттау) құқығын, соның ішінде Пайдаланушының іс-қимылдарының заңдылығына, сондай-ақ Пайдаланушы іс-қимылдарының осы Оферта талаптарына сәйкестігіне, оған қоса Абоненттік нөмір туралы анық мәліметтердің хабарлануына және Пайдаланушының ұялы байланыс операторымен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы қолданыстағы шарттың болуына қатысты күмән туған жағдайда өзіне қалдырады. Бұл ретте Оператор Пайдаланушыдан мыналарды талап етуге құқылы:

- Пайдаланушының операциялары туралы қосымша ақпаратты (соның ішінде құжаттық, қағаз тасымалдағыштағы) Жүйені пайдаланып ұсынуды;
- Құжаттарды Пайдаланушыны сәйкестендіретін деректерді көрсете отырып ұсынуды (олардың нотариалдық көшірмелерін ұсынуды);
- Ұялы байланыс операторымен жасалған және Пайдаланушыға Жүйеде Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірін пайдалану құқығын беретін ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынуды. Егер Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеген абоненттік нөмірі корпоративтік нөмір болып табылса, мұндай Пайдаланушы заңды тұлғадан / жеке кәсіпкерден байланыс операторымен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттың болуының және қаралып жатқан корпоративтік абоненттік нөмірдің Пайдаланушыға берілгенінің дәлелін ұсынуға тиіс.

Оператордың Пайдаланушының Есеп жазбасын осы тармақта көрсетілген ақпарат пен құжаттарды алған және бағалаған кезге дейін бұғаттан шығармауға құқығы бар. Оператор ақпаратты оны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде бағалайды. Оператордың осы Оферта талаптарымен жасалған Шартты Пайдаланушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды беруден бас тартқан жағдайда, сондай-ақ ұсынылған құжаттар және/немесе Пайдаланушының операцияларын талдау Жүйені Пайдалану осы Офертаның және/немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұза отырып жүзеге асырылып жатыр деп болжауға негіз берген жағдайларда бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.6. Пайдаланушының Жүйені тұрақты түрде пайда алуға немесе кірісті жасыруға бағытталған операцияларды жасау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Пайдаланушыға кәсіпкерлік қызметті тіркеусіз немесе тіркеу ережелерін, лицензиялық талаптар мен шарттарды, сондай-ақ есеп айырысуларды жүзеге асыру туралы заңнама талаптарын бұза отырып, жүзеге асыру үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің қарастырылғаны туралы белгілі.

Пайдаланушының Жүйені кез келген тұлғалардың, соның ішінде белгіленген тәртіппен тіркелген діни және қайырымдылық ұйымдарын қоспағанда, коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдардың саяси және қоғамдық қызметін қаржыландырумен байланысты кез келген операцияларды жасау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Оператор Жүйені Пайдалануға қол жеткізуді Бұғаттауға және/немесе Жүйені Пайдалану туралы шартты осы тармақты бұза отырып бұзуға құқылы.

6.7. Оператор Пайдаланушының дербес деректерінің құпиялылығын сақтауды үздіксіз бақылауға міндеттенеді. Ақпаратты ашуға Пайдаланушыға алдын ала осындай ақпаратты алған кезде хабарланған жағдайларда ғана және Пайдаланушының өзінің келісімімен рұқсат етіледі. Бұл ретте Оператордың басқа тұлғаларға Пайдаланушы туралы ақпаратты пайдалануға Пайдаланушы олардың тауарларына, жұмыстарына немесе қызметтеріне қызығушылығын тікелей білдірген жағдайда ғана рұқсат беруге құқығы бар. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-У-ҚРЗв Заңының 10 б. сәйкес дербес деректерді өңдеуге қатысты ақпаратты және құпия

ақпаратқа қатысты басқа мәліметтерді алу үшін сұратыммен бірге Есеп жазбасының қатыстылығын растайтын құжаттардың көшірмелерін Оператор сұратуға құқылы, ал Пайдаланушы ұсынуға міндетті.

6.8. Оператордың Пайдаланушының Есеп жазбасына сол Пайдаланушының Аутентификациялық деректерін пайдалану арқылы үшінші тұлалардың рұқсатсыз қол жеткізуіне (рұқсатсыз қол жеткізуге әрекеттенуіне) қатысты күмәні пайда болған жағдайда, немесе құпиясөздің жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда Оператор Пайдаланушыға құпиясөзді ауыстыруды ұсынады. Бұл туралы Оператор Пайдаланушыға құпиясөздің күші жойылғаннан кейін Пайдаланушы Жүйеге бірінші рет жүгінген жағдайда Жүйеде тіркелу кезінде Пайдаланушының көрсеткен Абоненттік нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

6.9. Оператордың кез келген уақытта Пайдаланушыға мекенжайы бойынша қосымша хабарлаусыз Жүйені Пайдалану қауіпсіздігінің қосымша шараларын әзірлеуге және қолданысқа енгізуге құқығы бар. Осындай қосымша қауіпсіздік шараларының енгізілгені және осы шаралардың енгізілуімен байланысты Пайдаланушылардың іс-қимылдары (егер қолданылатын болса) туралы Оператор WEB-сайтта хабарлама орналастырады.

6.10. Пайдаланушы осы Офертаның V және VI бөлімдерінде көзделген міндеттемелерді бұзған, соның ішінде: күмәнді операцияларды жасаған жағдайда, сондай-ақ басқа да жағдайларда Оператор өз қалауы бойынша қосымша хабарлаусыз Пайдаланушының Жүйені Пайдалануға қолжетімділігін бұғаттауға құқылы:

а) Пайдаланушы жол берілген бұзушылықты жою мерзіміне (оган қоса Оператордың сұратуы бойынша құжаттарды / ақпаратты беру) немесе

б) мерзімсіз, осы Шартты бұза отырып.

6.11. Оператор ҚР заңнамасында және осы Офертада белгіленген жағдайларда Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансынан Төлемдерді жүзеге асыруға құқылы.

6.12. Оператор Пайдаланушының ақша қаражаттарына тыйым салынғаны туралы қаулыны алған жағдайда Оператор Пайдаланушының Есеп жазбасына қол жеткізуді Бұғаттауға құқылы.

VII. Дауларды реттеу.

7.1. «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланумен байланысты Тараптардың осы Оферта талаптарымен жасасқан Шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауы шегінде туындайтын барлық дауларды осы Офертаға № 1 Қосымшада белгіленген Тәртіпке сәйкес Оператор сотқа дейін міндетті түрде қарауға тиіс.

7.2. Осы Офертаға № 1 Қосымшаға сәйкес белгіленген сотқа дейінгі тәртіппен бейбіт жолмен шешілмеген кез келген дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен соңғы біржола шешілуге тиіс.

Бұл ретте Тараптардың ешқайсысына дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен Тараптар бұрын келтірген дәлелдерді немесе аргументтерді ұсынумен шектеу қойылмау керек.

7.3. Тараптардың сотқа дейінгі тәртіппен келісуіне қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда даулар Қазақстан Республикасының сот органдарында реттелуге тиіс.

7.4. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір Тарапқа екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз бере алмайды.

VIII. Басқа талаптар.

8.1. Осы Оферта талаптарымен жасалған Оператор мен Пайдаланушы арасындағы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

8.1.1. Офертаға өзгертулер мен толықтырулар, егер оларды жариялау кезінде өзгертулердің күшіне енуінің өзге мерзімі анықталмаса, өзгерту Тараптардың келісімі бойынша Шарттың 8.1.1.1. - 8.1.1.4. т. көзделген тәртіппен енгізіледі. Оператордың офертаға өзгертулердің және/немесе толықтырулардың осы өзгертулерді жариялағанға дейін пайда болған қатынастарда қолданылатынын анықтауға құқылы.

8.1.1.1. Оператор Офертаға өзгертулердің және/немесе толықтырулардың енгізілгені туралы олар күшіне енгенге дейінгі кемінде 3 (үш) күн бұрын Пайдаланушыға оларды WEB-сайтта орналастыру арқылы хабарлайды.

8.1.1.2. Оператор Офертаның 8.1.1.1 т. сәйкес өзгертулерді/толықтыруларды орналастырған күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде Пайдаланушы Оператор ұсынған Шартқа өзгертулермен/толықтырулармен төмендегі тәсілдердің бірімен келісуге (акцепттеуге) құқылы.:

- Төлемді Офертаның жаңа талаптарына сәйкес жасау;

- Пайдаланушының Оператор ұсынған, Пайдаланушының Оператор ұсынған өзгерістерден/толықтырулардан жазбаша бас тартуын ұсынбауын білдіретін, Офертаның өзгерістерімен/толықтыруларымен келісімін білдіруі.

Көрсетілген мерзімнің ішінде Пайдаланушы Оператордың ұсынған Оферта өзгертулері және/немесе толықтырулары бойынша уәждеделген бас тартуды WEB-сайтта көрсетілген байланыстарды пайдалана отырып, жіберуге құқылы.

8.1.1.3. Пайдаланушының Шарттың 8.1.1.1 т. сәйкес Оператор ұсынысын (офертаны) алуын қамтамасыз ету мақсатында Пайдаланушы 5 (бес) күннің ішінде кемінде бір рет Офертаның өзгертулері мен толықтырулары туралы мәліметтерді көру үшін WEB-сайтқа жүгінуге міндеттенеді.

- 8.1.1.4. Оферта және тиісті Шарт Офертаның өзгертілген жобасын WEB-сайтта орналастырған сәттен бастап 3 (үш) күн өткен соң Тараптардың келісуі бойынша өзгертілген болып саналады.
- 8.2. Пайдаланушы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша Оператор Шартты бұзуға құқылы. Шарт Оператордың бастамасы бойынша бұзылған жағдайда Оператор бұл туралы Пайдаланушыға оның көрсеткен электрондық поштасы (e-mail) бойынша хат жіберу арқылы хабар береді. Шартты бұзған кезде Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансы нөлден жоғары болған жағдайда Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансын құрайтын ақша қаражаттарының қалдығын Пайдаланушы Эмитент белгілеген тәртіпке сәйкес басқаруға тиіс.
- 8.3. Пайдаланушы Шарттың барлық талаптарының оған түсінікті болып табылатынына кепілдік береді және Пайдаланушы талаптарды ескертусіз және толық көлемде қабылдайды.
- 8.4. Пайдаланушы Жүйені осы Офертада және Жүйенің WEB-сайтында көрсетілген мақсаттардан басқа мақсатпен пайдаланбайтынына кепілдік береді.
- 8.5. Жүйені және WEB-сайтты Пайдалану кезінде жасалатын Пайдаланушының барлық іс-қимылдары үшін оларды жасау уақыты Нұр-Сұлтан қ. жергілікті уақыты бойынша белгіленеді. Осы Оферта талаптарымен жасалатын Шарт тілі ретінде, сондай-ақ Тараптардың кез келген өзара әрекеттесуі (оған қоса хат жазысу, талаптарды/хабарламаларды/түсіндірмелерді беру және т.б.) кезінде қолданылатын тіл ретінде Тараптар орыс тілін белгіледі.
- 8.6. Пайдаланушы осы Офертаның талаптарын бұзған жағдайда Оператордың әрекет жасамауы Операторды өз мүдделерін кейінірек қорғау құқығынан айырмайды, сондай-ақ Пайдаланушы осы сияқты және соған ұқсас бұзушылықтарды келешекте жасаған жағдайда Оператордың бас тартуын білдірмейді.
- 8.7. Пайдаланушы Жүйеде Пайдаланушының Есеп жазбасын осы Офертада көзделген тәсілдердің бірімен тіркеуге бағытталған іс-қимылдарды Пайдаланушы жасаған сәттен бастап Шарт осы Оферта талаптарымен жасалған болып саналады.
- 8.8. Пайдаланушының осы Офертаға қосылу арқылы жасасқан Шартын Пайдаланушы төмендегідей бұза алады:
- 8.8.1. Пайдаланушының WEB-сайтта көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушыларды қолдау қызметіне жүгінуі арқылы; немесе
- 8.8.2. WEB-сайтта «Көмек-Қолдау қызметіне жүгіну-QIWI Әмиян-Өз аккаунтын жою» бөлімінде Пайдаланушының Есеп жазбасының Пайдаланушы интерфейсінде орналастырылған тиісті нысанның барлық жолдарын дұрыс толтыру және оны кейіннен Операторға жіберу арқылы.
- 8.9. Оператордың осы Оферта талаптарымен жасасқан Шарт бойынша міндеттемелері келесі оқиғалардың бірі басталған жағдайда тоқтатылған, ал Шарт автоматты түрде бұзылған болып саналады:
- а) белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесі берілген Пайдаланушының Есеп жазбасы Нөлдік балансқа жеткен кезде;
- б) Пайдаланушының Есеп жазбасы Нөлдік балансқа ие Пайдаланушыға белсенді емес Пайдаланушы Мәртебесі берілген кезде.

Дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі

Оферта талаптарына сәйкес Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы аясында «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланумен байланысты даулар туындаған кездегі өзара әрекеттесу процедурасын анықтайтын осы Дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі (бұдан әрі – «Тәртіп») көзделген.

1. Пайдаланушылардың шағымдарын қабылдау тәртібі

1.1. «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланумен байланысты даулар туындаған жағдайда Пайдаланушы еркін түрде жазылған, туындаған даулы жағдайға сілтемесі бар жазбаша арызбен келесі тәсілдердің бірімен Операторға жүгінуге міндетті:

1.1.1. оны Алматы қ., 050059, Панфилов көш., 212 мекенжайы бойынша пошта арқылы жіберу;

1.1.2. Оператордың кеңсесіне өзі баруы және Алматы қ., Панфилов көш., 212 мекенжайы бойынша шабарман арқылы жіберу.

1.2. Осы Тәртіптің 1.1 т. аталған Операторға Пайдаланушының Шағымын жіберу тәсілдерінің әрқайсысында оны Оператор күнін жазу және кіріс хатының реттік нөмірін қою арқылы тіркеп қояды.

1.3. Пайдаланушының Шағымын Оператордың қабылдау күні болып Пайдаланушының кіріс хатын нақты тіркеу күні болып саналады.

1.4. Пайдаланушыларды техникалық қолдау қызметіне телефон арқылы жүгіну, WEB-сайтта кері байланыс нысаны бойынша хабарлама жіберу Операторға Шағыммен жүгіну болып танылмайды және (немесе) дауларды сотқа дейін реттеу болып бағалануы мүмкін емес.

1.5. Пайдаланушылардың Операторға жіберілетін барлық Шағымдары бойынша Пайдаланушы Арызда көрсетілген деректерді растайтын құжаттардың тиісінше рәсімделген көшірмелерін, сондай-ақ Пайдаланушының Есеп жазбасын заңды иеленуін растайтын келесі құжаттарды қоса тіркеу керек:

1.5.1. Пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

1.5.2. Ұялы байланыс операторымен жасалған және Пайдаланушыға Жүйеде Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеу кезінде Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірді пайдалану құқығын беретін ұялы байланыс операторының қызметтерін көрсету туралы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

2. Пайдаланушының Шағымын қарау және жауапты дайындау тәртібі

2.1. Оператор келіп түскен Пайдаланушы Шағымын тиісті Пайдаланушы Шағымын алған күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімнің ішінде қарайды және жіберілетін жауапты дайындайды.

2.2. Пайдаланушы Шағымын тиісінше қарау және жауап дайындау үшін Оператор:

2.2.1. Құзыретті бөлімшелер (техникалық, құқықтық, есеп айырысу, және дауланып отырған жағдайға қатысты түсіндірме, қосымша мәлімет және басқа да деректерді алу үшін басқа да құрылымдық бөлімшелер) қызметкерлерін дауды жан-жақты қарауға тартады;

2.2.2. Пайдаланушыдан қосымша құжаттарды (немесе олардың көшірмелерін), түсіндірмелерді және басқа да мәліметтерді сұратады және алады. Оператордың сұратуы бойынша Пайдаланушы Оператордың сұратқан мәліметтері мен құжаттарын (олардың көшірмелерін) туындаған дауды тиісінше сотқа дейін реттеу мақсатында ұсынуға міндетті;

2.3. Пайдаланушы Шағымына толық және нақты жауап жазу үшін алынған мәліметтер мен түсіндірмелерді мұқият талдайды;

2.4. Пайдаланушыға Шағымына уәждеделген жазбаша жауап дайындайды.

3. Пайдаланушыға жауап жіберу тәртібі

3.1. Пайдаланушы Шағымға жауап алудың келесі тәсілдерінің бірін таңдай алады:

3.1.1. осы Тәртіптің 1.1.2 т. көрсетілген мекенжай бойынша қағаз тасымалдағышта шабарман арқылы;

3.1.2. Пайдаланушының Шағымда көрсеткен мекенжайы бойынша пошта арқылы.

4. Басқа жағдайлар

4.1. Осы Тәртіп Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады. Тәртіпте көзделген қалған жағдайлардың барлығында Тараптар Офертаны басшылыққа алады.

Сервисті Орындау Аймағы

Сервис ұялы байланыс операторларымен Ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шартты жасасқан, өз қызметін келесі мемлекеттердің аумағында жүзеге асыратын жеке тұлғаларға ұсынылады:

1. Қазақстан Республикасы;
2. Ресей Федерациясы;
3. Грузия;
4. Панама Республикасы;
5. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі;
6. Тәжікстан Республикасы;
7. Литва Республикасы;
8. Израиль мемлекеті;
9. Қырғыз Республикасы;
10. Украина;
11. Вьетнам Социалистік Республикасы;
12. Түрік Республикасы;
13. Әзірбайжан Республикасы;
14. Армения Республикасы;
15. Латвия Республикасы;
16. Үндістан Республикасы;
17. Тайланд Корольдігі;
18. Молдова Республикасы;
19. Америка Құрама Штаттары;
20. Жапония;
21. Өзбекстан Республикасы.

Пайдаланушының өз қызметін жоғарыда аталған мемлекеттердің бірінде жүзеге асыратын ұялы байланыс операторымен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы күші бар және Абоненттік нөмірді пайдалану құқығын беретін шарттың болуы тиісті Абоненттік нөмірді көрсете отырып Жүйеде Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеудің міндетті талабы болып табылады.

Пайдалану кезінде мақсаты Абоненттік нөмірді көрсете отырып ұялы байланыс операторымен қағаз тасымалдағышта ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуды талап етпейтін Жүйеде Пайдаланушының Есеп жазбасын тіркеуге рұқсат етілмейді.

SMS-құлақтандыру талаптары

Осы Қосымшада «QIWI Әмиян» жүйесін пайдалану туралы Жария офертаның әрекет ету аясында SMS- құлақтандыру қызметтерін көрсету туралы Шартты (бұдан әрі - «Қызметтерді көрсету туралы шарт» және/немесе «Шарт») жасасудың талаптары келтірілген. Осы Қосымшада аталған іс-қимылдарды жасау Сіздің Қызметтерді көрсету туралы шартты осы Қосымшада келтірілген талаптармен, тәртіппен және көлемде жасасуға келісіміңіздің растауы болып табылады.

SMS-құлақтандыру талаптарының төменде келтірілген мәтіні Пайдаланушыларға жіберілген Оператордың Қызметтерді көрсету туралы шартты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 б. 5 т. сәйкес жасасуға ресми жария ұсынысы болып табылады. Қызметтерді көрсету туралы шарт Пайдаланушы мен Оператордың (бұдан әрі бірге – «Тараптар» деп аталатын) арасында жасалған болып саналады және Пайдаланушы осы Қосымшада келтірілген және Пайдаланушының Шарттың барлық талаптарын ешқандай тармағын алып тастаусыз немесе қосылу талаптарымен шектеу қоюсыз бұлтартпай қабылдауын білдіретін іс-қимылдарды жасаған сәттен бастап күшіне енеді.

Пайдаланушы осы Қосымшаның 3-бөлімінде көзделген іс-қимылдарды орындаудың нәтижесінде Қызметтерді көрсету туралы шартты жасасуға өз келісімін білдіреді.

Осы Шартта өзге терминдер мен анықтамалар Офертада келтірілген терминологияға сәйкес қолданылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Пайдаланушының осы Қосымшаның 3-бөлімінде көзделген іс-қимылдарды жасау арқылы жасасатын Шартының мәні шығынға жазу (Оператордың пайдасына төлемді шығынға жазу операцияларын қоспағанда) операциялары және Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансын толықтыру операциялары туралы Пайдаланушыға ақпарат беру мақсатымен SMS-құлақтандыру қызметтерін Оператордың Пайдаланушыға көрсетуі болып табылады.

1.2. Қызмет Оператордың осы Қосымшаның 3-бөліміне сәйкес Қызметті көрсетуге келісімін білдірен Пайдаланушыларға кез келген қолжетімді тәсілмен хаттарды, шығынға жазу операциялары (Оператордың пайдасына төлемді шығынға жазу операцияларын қоспағанда), сондай-ақ Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансын толықтыру операциялары туралы құлақтандыруды қамтитын SMS-хабарламалар және/немесе өзге сипаттағы хабарламалар пакетін жіберуді жүзеге асыруды білдіреді.

2. Қызметті көрсету тәртібі және Қызмет үшін ақыны алу мерзімдері

2.1. Қызмет Пайдаланушыға осы Шарттың қолдану мерзімінің ішінде көрсетіледі және әр күнтізбелік айдың 01 (бірінші) күні ай сайын толық төлеуге жатады.

2.2. Ағымдағы Есептік кезеңнің ішіндегі Қызметтердің құнын біржолғы толық төлеу үшін күнтізбелік айдың (бұдан әрі – «Есептік кезең») 01 (бірінші) күні Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансында ақша қаражаттары жеткіліксіз болған жағдайда бұл кезеңде Қызметті көрсету уақытша тоқтатылады, осы Шарттың 2.3 т. көрсетілген жағдайлар басталғанға дейін ақы алынбайды.

2.3. Пайдаланушы Есеп жазбасының Балансын ағымдағы Есептік кезеңнің қалған күндеріне Қызмет құнының бір бөлігін төлеу үшін жеткілікті сомаға толықтырған жағдайда ағымдағы Есептік кезеңде Қызметті көрсету қайта басталады.

2.4. Есептік кезеңде Қызметті көрсетуді қайта бастаған жағдайда ол Пайдаланушыға келесі күнтізбелік күні нақты көрсетіле бастайды. Бұл ретте Қызметті көрсету үшін ақыны Оператор сондай-ақ Қызметтің нақты көрсетіліп жатқан Есептік кезеңнің бір бөлігі үшін алады.

2.5. Қызметті көрсету құны айына 300 (үш жүз) теңгені құрайды.

2.6. Қызметті қосқаннан кейін Пайдаланушы Жүйені пайдаланбаған және соның салдарынан SMS-құлақтандырулар болмаған жағдайда Қызметтің құны қайтарылмайды және қайта есептеуге жатпайды.

2.7. Қызмет Пайдаланушыға ол Қызметті осы Шарттың 3.1 т. көзделген тәртіппен қосқанға дейін ұсынылмайды.

* Қызметті қосқан кезде ол келесі күнтізбелік күні нақты көрсетіле бастайды. Бұл ретте көрсетілген күнтізбелік айдың ішінде Қызметті көрсеткені үшін ақыны Оператор сондай-ақ Қызмет нақты көрсетілуге тиіс күнтізбелік айдың бір бөлігі үшін оны қосқаннан кейінгі келесі күнтізбелік күні алады.

2.8. Пайдаланушының Есеп жазбасына қолжетімділікті Бұғаттау орнатылмаған болса, Қызмет ұсынылмайды.

3. Қызметті қосу/ажырату

3.1. Пайдаланушы Қызметті келесі тәсілдердің кез келген бірімен қосады/ажыратады:

3.1.1. WEB-сайтта іске асырылған «қанатшаны» алып тастау/қою механизмін пайдалану арқылы: Менің әмияным – Теңшелімдер – Хабарламалар – «Толықтырулар мен шығындар туралы SMS». «Қанатшаларды» қосу үшін қояды, ал Қызметті ажырату үшін – оны алып тастайды.

3.1.2. «QIWI Әмиян» мобильдік қосымшасында іске асырылған «қанатшаны» алып тастау/қою механизмін пайдалану арқылы: Профиль - Құлақтандырулар - SMS хабарламалар – Толықтырулар және шығынға жазулар. «Қанатшаларды» қосу үшін қояды, ал Қызметті ажырату үшін – оны алып тастайды.

3.1.3. WEB- сайтта көрсетілген телефондар бойынша Пайдаланушыларға қолдау көрсету қызметіне Пайдаланушының Абоненттік нөмірінен ауызша жүгіну арқылы.

3.2. Төленген Қызмет Есептік кезең аяқталғанға дейін толық көлемде көрсетілу керек, оның құны қайтарылмайды және қайта есептеуге жатпайды.

3.3. Қызметті Пайдаланушы ажыратқан болса, содан кейін оны төлегенге дейін Есептік кезең ішінде қайта қосылған болса, Оператор Қызметті көрсетуді осы Шарттың 2.4 т. көзделген тәртіппен қайта бастайды.

4. Басқа шарттар

4.1. Шарт Пайдаланушы осы Қосымшаның 3.1 т. сәйкес Қызметті қосу бойынша іс-қимылдарды жасаған сәттен бастап күшіне енеді және осы Офертада көзделген тәртіппен Қызметтерді көрсету туралы шартты бұзған және «QIWI Әмиян» жүйесін пайдаланып есеп айырысуларды жүзеге асырған сәтке дейін қолданылады.

4.2. Оператор Қызметті көрсету үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

4.3. Пайдаланушы Операторға алдын ала берілген акцепт тәртібімен осы Шартта белгіленген мөлшерде Қызметтер үшін Төлемдерді жүзеге асыруға құқық береді.

4.4. Оператор направляет SMS-құлақтандыруларды нақты уақыт режимінде – кідіріссіз, Пайдаланушының Есеп жазбасының Балансына ақша қаражаттарын толықтыру/шығынға жазу операциясы жасала салысымен жібереді.

4.5. Оператор (оның тартқан үшінші тұлғасы) SMS-құлақтандыруды Пайдаланушының дұрыс Абоненттік нөмірін көрсете отырып, Пайдаланушының ұялы байланыс операторының смс-орталығына сәтті жеткізген кезде Қызмет тиісінше тәртіппен көрсетілген болып саналады.

4.6. Пайдаланушы SMS-құлақтандырулардың Пайдаланушының Абоненттік нөмірі қосылған және ұялы байланыс операторының әрекет ету аймағында орналасқан жағдайда ғана жеткізілуі мүмкін екені туралы құлақтандырылды және онымен келіседі.

Осы тармақта көзделген негіздер бойынша Пайдаланушының SMS-құлақтандыруды алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда Оператор осы Шарттың 4.5 т. көзделген іс-қимылдарды жасаған жағдайда Оператор Қызмет көрсету бойынша өз міндеттемесін тиісінше тәртіппен орындаған болып танылады.

4.7. Шарт Офертаның ажырамас бөлігі болып табылады. Шартта қарастырылмаған қалған жағдайлардың барлығында Тараптар Офертаны басшылыққа алады.